

A I N A

ҚАУІП
СЕЙІЛГЕН ЖОҚ
2-бет

K Ú N T Á R T I B İ

ТЕҢДЕСІ ЖОҚ
ОРТАЛЫҚ
3-бет

K E L B E T

«БАҒЫТЫМЫЗ –
БАТЫС АЙМАҚ»
4-бет

R Ý H A N I A T

АБАЙДЫҢ
«АҚТОЛҚЫН» КҮЙІ
5-бет

14 МАУСЫМ – ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІП ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

ЖАСАМПАЗДЫҚТЫҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІ



Жер қойнауы қазба байлыққа, құшағы несибе мен берекеге толы Жезқазған-Ұлытау аймағы туралы сөз қозғалғанда көптің көз алдына «Қазакмыс» корпорациясы мен «Ютария Ltd» өндірістік-инновациялық компаниясы елестері анық. Бір-бірінен ажыратуға болмайтын домбыраның қос ішегіндеі жұптасқан осынау екі алпауыт тек аймақтық қана

емес жалпы отандық экономиканың қозғаушы күшіне айналғаны біз үшін зор мақтанш. Бүгін аты жеңіл болғанымен шын мәнінде аса ауыр жүкті көтеріп, маңызды орынға ие жеңіл өнеркәсіп кешендерінің ішіндегі көшбасшылардың бірі «Ютария Ltd» өндірістік-инновациялық компаниясы туралы толығырақ әңгіме қозғайық.

Өзге өнеркәсіп түрлерімен салааралық кешендер негізінде тығыз байланысқан жеңіл өнеркәсіптің 13 түрі бар екен. Олардың барлығы дерлік тыңғылықты еңбек пен таусылмас тәзімді қажет ететін салалар. Сайып келгенде олардың барлығы дерлік адам қажетіне аса керекті киім-кешек ісіне келіп сияды. Осы тұста киім-кешек түрлерімен қатар, түрлі қызмет салаларындағы

Кез келген мемлекет экономикасының өркен жайып, кенге құлаш сермеуі мықты құрылымды, білікті мамандарға толы өнеркәсіп кешендерінің мол болуымен тығыз байланысты. Ел әлеуеті мығым болуы үшін жалпы экономиканың 30 пайызын төл жеңіл өнеркәсіп қамтамасыз етуі керек екен. Бүгінде бұл көрсеткіш біздің елімізде 10 пайызға жетер жетпес мөлшерде. Осы күні бағындырған бұл межеде «Ютария Ltd» өндірістік-инновациялық компаниясының алар орны тым бөлек. мамандық иелеріне де арнайы киім формасын тігетін «Ютария Ltd» өндірістік-инновациялық компаниясының қызметі қай кезде де сұранысқа ие.

Еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі «Мені көріп жүрсіздер ғой, қайда жүрсем де отандық өнімдердің жарнамалаушысымын. Әсіресе, өз еліміздегі ісмерлердің қолынан шыққан костюмдер мен жеңіл өнеркәсіп саласының бұйымдарын барынша тұтынуға тырысамын. Отандастарымды да осындай игі іске белсене қатысуға шақырамын. Бұл – біздің мемлекетіміздің әл-ауқатын арттыру мен болашағымыз үшін қажетті іс. Ал енді «Ютария» сынды кәсіпорын жанынан жеңіл өнеркәсіп саласына аса қажетті тігін машиналары мен құрылғыларының өз елімізде шығара бастауымыз, бұл осы саланы жандана түсуіне тың серпін береді» деп баға берген компанияның нарықта пайда болғанына биыл 18 жыл. Бір адамның көмелеттік жасына да жетіп қалған өндіріс ошағының осынау жылдар ішінде атқарған жұмыстары да қыруар. 2002 жылы шағын ғана киім тігетін цех ретінде ашылған орталықтың айы оңынан туып, еліміздегі ең алдыңғы қатардағы компаниялар қатарынан орын алатынына сол кездері біреу сенсе, екінші біреулер сенбеген болатын.

►► 7-бетке



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ҚАРҚЫНЫ БОЙЫНША КӨШ БАСТАП ТҮР

Қарағанды облысы ТЖ және карантин кезеңінде іскерлік белсенділікті төмендеткен жоқ. Аймақ экономикасы озық қарқынмен дамып келеді. 5 ай ішінде өнеркәсіп көлемі триллион теңгеден асты. Облыста жұмыспен қамтуды қолдау шаралары жүзеге асырылуда.

Аймақ басшысы Жеңіс Қасымбек ҚР премьер-министрі Асқар Маминнің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында баяндама жасады. Әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы оң бағаға ие болды. Қарағанды облысы көптеген көрсеткіштер бойынша озық өсу қарқынын қамтамасыз еткен көшбасшылардың қатарында тұрғаны атап өтілді.

– Ағымдағы жылдың 5 айының қорытындысы бойынша облыстың негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінің оң серпіні қамтамасыз етілді: өнеркәсіпте (103,2%), ауыл шаруашылығында (102,8%), құрылыста (124,9%), көлік саласында (77,4%), саудала (88,7%). Өнеркәсіптің нақты көлем индексі 103,2% құрады. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 10%-ға жоғары, – деді Жеңіс Қасымбек.

Өңдеу өнеркәсібі барлық сала бойынша өсімді көрсетіп отыр, деп атап өтті ол. Металлургия өндірісінің көлемі 7,7%-ға, машина жасау – 14,1%-ға, жеңіл өнеркәсіп – 10,6%-ға, құрылыс материалдары – 1,6%-ға, резеңке және пластмасса бұйымдары – 26,3%-ға, фармацевтика – 3,8 есе өсті.

Дағдарыс жүйе құраушы кәсіпорындардың қызметіне әсер еткен жоқ. Ірі компаниялар тұрақты жұмыс істеуде.

– «АрселорМиттал Теміртау» АҚ жалпақ прокат шығаруды 13,1%-ға арттырды. 5 айда өндіріс 945,2 мың тоннаны құрады. Болат

шығару саласында да өсу үрдісі байқалған. Егер наурыз айында тәулігіне 7 мың тонна өндірілсе, маусым айының басынан бері 9 мың тонна өнім өндірілді, – деп хабарлады облыс әкімі.

«Қазакмыс» корпорациясы 5 айда 163,4 мың тонна мыс өндірілді. Өсім 17% құрады. Сондай-ақ, алтын мен күміс өндірісі ұлғайды.

Облыс инвестициялық белсенділікті сақтап қалды. Жыл басынан бері инвестиция ағыны 220,6 млрд теңгені құрады. «Алтыналмас» алтын өндіру фабрикасы және «Линде Газ» техникалық газ өндіру зауыты секілді екі ірі жоба жүзеге асырылды.

Маусым айының соңына қарай Ағалдыр кентінде күн электр станциясы іске қосылуы тиіс.

Жыл соңына дейін облыста 3 500-ден астам жұмыс орнын құруды қамтамасыз ететін 239 млрд теңге сомасына 16 жобаны іске қосу жоспарлануда. 2020 жылдың соңында өткен жылмен салыстырғанда 30 млрд теңгеге өсіммен 830 млрд теңге инвестиция жұмылдырылады деп болжануда.

Облыста қолжетімді тұрғын үй құрылысы да ұлғайды. 5 айда 171,5 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. 2020 жылы өткен жылдың деңгейіне қарағанда 21% өсіммен 500 мың шаршы метрден астам тұрғын үй салу жоспарланып отыр.

«НҮРЛЫ ЖОЛ»

СЫР мен ҚЫРДЫ ЖАЛҒАҒАН

Жезқазған-Қызылорда автомобиль жолын қайта құрылымдау жөнінде тыңдау өтті

Бірнеше жылдан бері көтеріліп келе жатқан Жезқазған-Қызылорда жолын жөндеуге қатысты алғашқы нақты қадам жасалды. Ақпанда халық алдында есеп берген облыс басшысы Жеңіс Қасымбек жолды қайта құрылымдау жұмыстарының жобалық-сметалық құжаттары әзірлеу басталғанын, құжат ойдағыдай шықса, көп ұзамай құрылыс-монтаж жұмысы да басталатынын айтқан болатын.

Жақында аталған жол құрылысының техникалық-экономикалық негіздемесі мен жұмыс жобасын талқылауға арналған қоғамдық тыңдаулар Жезқазған қаласы мен Талап ауылында өтті. Қала, ауыл тұрғындарын жинаған тыңдауға ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі автомобиль жолдары комитетінің, «ҚазАвтожол» Ұлттық компаниясы Қарағанды филиалының,



жобалаушы компания «Каздорпроект» ЖШС өкілдері, Жезқазған қаласы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, автомобиль жолдары және жолаушылар көлігі бөлімінің басшысы Қ. Сансызбаев, Талап ауылдық округінің әкімі Ғ.Битенов қатысты.

– «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында қолға алынған бұл жоба бойынша жол

қазіргі 3-санатты жолдан 2-санатқа ауыстырылады. Соған сай су өткізу құбырлары, көпірлер, мал айдайтын өткелдер қарастырылған. Жол екі жолақты, ені 9 метр болады. Жоба бойынша жол бойында екі көпір, 35 құбыр өтеді деп отыр, – дейді «ҚазАвтожол» Ұлттық компаниясы Қарағанды филиалының бөлім бастығы Рафаэль Бектеміров.

Жолдың жалпы ұзындығы 412 шақырымды құрайды. Оның 208 шақырымы Қарағанды облысы аумағынан өтеді.

Жобалаушылардың айтуынша, жолды қайта құрылымдау кезінде Қызылорда қаласында төрт жолақты айналма жол, Талап ауылының тұсынан жолайрық салынып, екі аялдама орнатылады. Жолайрық толықтай жарықтандырылады. Сондай-ақ, жол бойында әр 35-40 шақырым сайын көлік тоқтайтын тұрақ алаңдары, жылы дөретхана, қар ұстайтын қоршаулар қарастырылған.

Талап ауылының тұрғындары жол бойында көліктердің мал соғу оқиғалары болып тұратынын, жобанда осы мәселенің ескерілуін сұрады. Жоба авторлары елді мекендер тұсында жолдың астынан атты адам өте алатын өткелдер салынып, өткелдің екі жағына 250 метрге дейін металл шарбақ орнатылатынын айтады.

«ҚазАвтожол» Ұлттық компаниясы Қарағанды облысы бойынша филиалы өкілдерінің айтуынша, жобалық құжаттар мен техникалық-экономикалық негіздеме бекіп, мемлекеттік сараптамадан өткеннен кейін құрылыс-монтаж жұмысының конкурсы жарияланады. Жалпы қайта құрылымдауды 2024 жылы аяқтап, жолды пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Дархан МҰХАН

SARYARQA-АҚПАРАТ

АҚБӨКЕННИҢ САНЫ 55 ПАЙЫЗҒА ӨСІП, 334 МЫҢҒА ЖЕТТІ

Қазақ даласында ақбөкеннің саны 55 пайызға артып, 334 мыңға жетті. Бұл туралы Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев мәлім етті.

Жануарлар дүниесі саласында жыл сайын сирек кездесетін тұяқты жануарлар мен ақбөкен саны артып келеді. Ақбөкеннің популяциясы 334 мыңға жетіп, өсім 55 пайызды құрады. Біз осы динамиканы сақтау үшін бар күш-жігерімізді саламыз, – деді Мағзұм Мырзағалиев ОКҚ өткен халыққа есеп беру кездесуінде.

Алайда министр браконьерліктің еңсерілмей келе жатқанын мойындады.

– Мемлекет басшысы браконьерлікпен күрес мәселесіне ерекше мән беруде. Министрлік Ішкі істер министрлігі, Бас прокуратурамен бірлесіп 2019 жылы браконьерлік үшін жауапкершілікті күшейту бойынша қолданыстағы қылмыстық заңнамаға түзетулер енгізді. Қылмыстық кодекске табиғатты қорғау инспекторлары мен қорықшылардың өмірі мен денсаулығына қол сұғушылық үшін қатаң жаза қарастыратын жеке бап енгізді. Инспекторлардың ауыр еңбегін сезіне отырып, Президенттің тапсырмасына сәйкес инспектор мәртебесін көтеруді көздеп отырмыз, – деді ол.

Мағзұм Мырзағалиев осылайша, браконьерлікпен күресу үшін қазіргі заманғы құралдармен инспекцияларымызды қамтамасыз ететін жаңа нормативтер (арнайы техника, төс камералары, бронжелеттер) әзірленгенін жеткізді.

«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНАНЫҢ» БІРҚАТАР АКТИВТЕРІН ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫ

Экономиканы жаңғырту жөніндегі мемлекеттік комиссия «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ активтерін жекешелендіру мәселелерін қарастырды.

ҚР Премьер-Министрі Асқар Маминнің төрағалығымен өткен Экономиканы жаңғырту жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысында «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ активтерін жекешелендіру мәселелері қаралды.

Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған кешенді жоспарына «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның 167 активі енгізілген, олардың ішінде қазіргі уақытта 138 актив бойынша тармақтар орындалды. 21 компанияда өткізу және тарату/қайта ұйымдастыру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Халықаралық капитал нарықтарындағы жоғары құбылмалылыққа, энергия тасығыштарға бағалардың төмендеуіне және әлемдік экономиканың осу қарқынының бәсеңдеуіне байланысты «ҚазМұнайГаз», «Air Astana», «Тәу-Кен Самұрық», «Qazaq Air», «Самұрық-Энерго», «Қазақстан темір жолы» және басқа да бірқатар стратегиялық активтерді бәсекелі ортаға беру мерзімін 2021-2023 жылдарға ауыстыру туралы шешім қабылданды.

ТАҒЫ БІР САЛЫҚ РАҚЫМШЫЛЫҒЫ ЖҮРГІЗІЛМЕК

Мәжілістің жалпы отырысында «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» ҚР Кодексіне және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» ҚР Кодексінің қолданысқа енгізу туралы» Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы екі оқылымда қаралып, мақұлданды.

Аталған құжат жобасының негізгі мақсаты – экономикалық өсімді қалпына келтіру бойынша кешенді жоспарда ескерілген кейбір шараларды заңнамалық қамтамасыз ету.

Мәжіліс депутаты Сергей Симоновтың сөзіне қарағанда, заң жобасы аясында базалық салалардағы отандық компанияларға өздерінің ағымдағы өтімділігін арттыру, төтенше жағдай режимінен кейін экономикалық өсуді қалпына келтіру үшін қаражатты босату, отандық тасымалдаушылар паркін жаңарту, мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдарын қолдау үшін салық жеңілдігін беру, сондай-ақ карантин кезеңінде салықтық әкімшілендіруді оңайлатуға бағытталған түзетулер ұсынылады.

Сонымен қатар, құжатта жеке тұлғаларға қатысты салық рақымшылығы ескерілген. Бұл шара азаматтарды есептелген санкциялардан босатып, қаржылық жағдайын жақсартуға ықпал етеді.

– Бұдан басқа, 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейін мүлік салығы, жер салығы және көлік құралдары салығы бойынша берешек төленген жағдайда, 2020 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша салық төлеушінің жеке шотындағы өсімпұл сомасын есептен шығару бойынша жеке тұлғаларға қосымша салық рақымшылығын жасауды жүргізу ұсынылады, – деді С. Симонов заң жобасын екінші оқылымда талқылау барысында.

БИЫЛДАН БАСТАП ЖОО мен КОЛЛЕДЖ ТҮЛЕКТЕРІ ДИПЛОМДЫ ЭЛЕКТРОНДЫ ФОРМАТТА АЛАДЫ

Биылдан бастап еліміздегі жоғары оқу орындары мен колледждер түлектерге дипломды электронды форматта беретін болды. Бұл туралы ҚР Білім және ғылым вице-министрі Рүстем Биғаридің қатысуымен өткен онлайн брифингте айтылды.

– Биылдан бастап барлық жоғары оқу орны мен колледждер дипломды қағаз түрімен ғана емес, электрондық түрде алады. Барлық нормативті акті қабылданды. Бұл не үшін қажет? Жұмыс беруші мен азаматтарда дипломның жасанды емес екеніне, сапасына қатысты сұрақтар туындап тұратынын жасырын емес. Дипломның растау үшін жұмыс беруші мен жас маманның көп уақыты кетеді. БҒМ-ға жыл сайын дипломның заңды екенін растау үшін 500 мыңға жуық өтім келеді. Оны растау үшін көп уақыт қажет, – дейді ҚР Білім және ғылым вице-министрі Рүстем Биғари.

Оның айтуынша, бүгінгі таңда 1992 жылдан бергі 2,5 миллион диплом мәліметтер базасына енгізілген. Қазіргі уақытта жоғары оқу орнын 1992 жылға дейін бітіргендердің тарихи мәліметтері жиналып жатыр.

– Биыл біз барлық дипломды цифрландырдық. Білім және ғылым министрлігі сайтынан бағаға енгізілген дипломды онлайн режимде тексеруге болады. Жұмыс берушінің де, жұмысқа тұратын азаматтың да уақыты мен ақшасы үнемделеді. Енді дипломның заңды екенін растау үшін нотариуска барып, ақша төлеудің қажеті жоқ. Жыл соңына дейін бұл жұмысты толық аяқтаймыз, – дейді ол.

COVID-19

ҚАУІП СЕЙІЛГЕН ЖОҚ

Еліміздің бас санитарлық дәрігері Айжан Есмағанбетова дүйсенбі күні тікелей эфирде өткізген брифинг барысында қазіргі таңдағы эпидемиологиялық ахуал туралы соңғы мәліметтермен бөлісті.

– Өткен аптада коронавирус індетін жұқтырғандар саны 1,9%-дан 4,7%-ға дейін өскен. Әлем елдері қолданып жатқан тәжірибеге сүйеніп отырып бізде COVID-19 дертіне шалдыққан науқастарды ауру белгілері бар және жоқ деп екі топқа бөліп қарастырғанды жөн көрдік. Бұлардың бір-бірінен негізгі айырмашылығы мынада. Коронавирус ауру белгісі бар бір науқас айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жасау барысында кем дегенде үш адамға жұқтырады. Тіпті жеті адамды ауру етуге қауқарлы. Ол жеті науқас тағы қаншама адамның басын қатерге байлайтынын есептеп көріңіз. Ал ауру белгісі жоқ науқастар алгоритмі бұған қарағанда сәл өзгешеу. Ауру белгісі жоқ үш адам орташа есеппен тек бір адамға ғана дерт жұқтыруы мүмкін. Дерттің алғашқы белгілері пайда болмастан бұрынғы екі күн мен пайда болғаннан кейінгі жеті күнде науқастың өзгелерге вирус тарату қарқыны өте жоғары деңгейде болады. Осы он күн аралықтан кейін науқастың жағдайы түзеле бастайды. Соған қарамастан тест нәтижесі бәрібір науқас ағзасында вирустың әлі де болса сақталып қалғандығын көрсетуді мүмкін. Қандай жағдай болмасын ауру белгісі бар науқастармен қоса белгісі жоқ науқастарға да барынша қажетті медициналық көмек көрсетіледі, – деді ол өз сөзінде.

Коронавирусқа шалдыққандар саны күнделікті өсіп жатқандығын айтқан бас санитар дәрігер тұрғындарға адам қарсы қалып орындарда тұрғындарға міндетті түрде маска тағып, қолғап киіп жүруді және өзге де сақтық шараларын қатаң ұстануды ескертті.

Брифинг барысында ел пікірі қақ жарылып, тіпті үкіметке арнайы хат жолданған екі елдегі сақтық шаралары туралы да сөз қозғалды.

– Біз ешкімді екі елге салдыруға мәжбүрлемейміз. Таңдауды ел аза-

маттарының өздеріне қалдырамыз. Ауруға қарсы екі елде тек медицина қызметкерлеріне ғана міндетті. Ел арасында немерелеріме қатысты да қауқар әңгімелер айтылып жүр. Менің екі немерем бар. Олардың біреуі – екіде, екіншісі – бір жаста. Қазір олардың негізгі міндетті 11 екі ел алатын уақыттары және екі елдегі түгел егінді. Осы орайда оларға менің немерелерім болғандықтан ең сапалы екі елде пайдаланылады деген орынсыз пікір қалыптастырудың еш қисыны жоқ. Себебі оларда өзге тұрғындар секілді тұрғылықты мекенжайы бойынша тіркелген емханадан ем қабылдады, – деді ол.


9 маусымда тіркелген ресми деректерге сәйкес 13 319 қазақстандық коронавирус жұқтырған. Олардың ішінде ауру белгісі байқалмайтын азаматтардың жалпы саны – 2136. 8015 адам аурудан жазылып, 61 адам көз жұмды.

– Вирус анықталғандардың 80%-ы аурудың жеңіл түрімен ауырды, олардың арасында ауру белгісі жоқ адамдар болды. Эпидемия басталғанда ауыл клиникасы бар аурулар анықталады. Бірақ вирус жұқтырғандар көбейген сайын ауру белгілері жоқтардың саны арта түседі. Ұжымдық иммунитет осылай қалыптасады, – дейді соңғы мәліметтерге байланысты пікірін білдірген «Аман-саулық» қоғамдық қорының төрайымы Бақыт Түменова.

Аты жаман аурудың қақпанына түскен жезқазғандықтар саны да артып тұр. 10 маусымдағы дерекке сай қала бойынша коронавирус инфекция жұқтырған 66 адам тіркелді. Оның ішінде 31-і – «Жомарт» кенішінің жұмысшылары, 4-еуі – шетелден келген студенттер, қалғаны – науқастармен байланыста болғандар.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА 400-ден АСТАМ НЫСАН САНИТАРЛЫҚ РЕЖИМДІ БҰЗҒАН



Облыстың бас санитарлық дәрігерінің қаулысында COVID-19 бойынша шектеу шараларымен қатар, жұмысына кіріскен бизнес өкілдері вирус жұқтырудың алдын алу үшін үшін «не істеп, не қою» керектігі егжей-тегжейлі жазылған. Дүйім жұрттың назарына ұсынылған бұл құжатта көрсетілген талаптарға бой ұынсақ, вирустан түбегейлі құтылмасақ та, күн ысығанда тұрғындардың індеттен аман болары сөзсіз.

Дегенмен, «Сақтықта қорлық жоқ». Осы мақсатта облыс бойынша COVID-19 бойынша шектеу шаралардың орындалуын қадағалайтын 65 мобильдік топ құрылған болатын. Құрамында тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің мамандары, полиция қызметкерлері, облыстағы «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлік палатасы мен жергілікті атқарушы органдардың өкілдері бар бұл топтың негізгі міндеті – бас санитарлық дәрігердің «Карантин жайлы және Қарағанды облысы аумағында карантин шараларын одан әрі жеңілдету туралы» қаулысында көрсетілген шектеу шараларының орындалысын қадағалау. Күн-

түн демей, залалсыздандыру шараларының орындалуы мен санитарлық нормалардың сақталуының күзетінде жүрген топ мүшелері режим бұзғандарға қатаң әкімшілік санкциялар қолданып та үлгерген. Одан бөлек, аталмыш топ ортақ тәртіпке бағынбаған бизнес өкілдерінің қызметін тоқтатуға да қауқарлы.

Облыста 100 балабақшада кезекші топтар, 12 коррекция кабинеттері жұмысын бастайды. Одан бөлек, 8 маусымнан қосымша білім беру нысандары, балалар мен ересектерге арналған даму орталықтарының жұмыстары жанданады. Мекемелерде санитарлық талаптар сақталмай, залалсыздандыру жұмыстарын жүргізбегендер болса, заң аясында жазасын да алады. Бұл үшін «Әкімшілік құқықбұзушылық» туралы кодекстің арнайы бабы да бар. «Төтенше жағдай режимін бұзу» деп аталатын 476-бапта мемлекеттік орган белгілеген режимді бұзғандарға немесе талаптарын орындамағандарға он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынатыны не он бес тәулікке дейін әкімшілік қамаққа алынатыны жазылған.

Жазаның қатаңдығына, айыппұл мөлшерінің

Карантиндік шаралар жеңілдетілгенімен, Қарағанды облысында санитарлық-эпидемиологиялық режимнің сақталуы қатаң бақылауда. Облыстың барлық елді мекендерінде дезинфекциялық жұмыстар жоспарлы түрде жүргізіліп келеді. Қоғамдық орындар мен қоғамдық көліктердегі алдын алу, бақылау шаралары да күшейтіле түсті. Ірі сауда орындары мен мекемелердің де санитарлық талаптарға жауапкершіліктен қарап, қауіпсіздікті күшейткені де анық байқалады.

ауқымдылығына қарамастан, жаза басып, мобильдік топтың құрығына іліккендер де жоқ емес. Осындай нысандар бойынша полиция органдары соттың қарауына 406 іс тапсырған. Оның 111-і соттың шешімімен қызметін тоқтатса, 265-і 10 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл төлейді. Ал, 9 нысан ескерту алған. Ал, қалғандары сот үкімін күтуде.

Облыста коронавирус инфекциясын жұқтыру жағдайлары толастаған жоқ. Осыған байланысты қалаішілік жолашуы тасымалымен айналысатын қоғамдық көліктерде де санитарлық режимнің қатаң қадағалануы – басты назарда. Бүгінгі күнге дейін тексерістен өткен 508 автокөліктің 505-і залалсыздандыру құралдарымен салон ішін өңдеп, жолаушылар да, жүргізушілер мен кондукторлар да бетперде киетіні анықталды. Қалған үшеуіне ескерту жасалды. Егер кемшілік кайталанатын болса, олардың халыққа қызмет көрсетуіне тыйым салынады.

Әлбетте, вирус қолға ұсталмайды, көзге көрінбейді. Дертке шалдығып, сан соғып қалмау үшін әркімнің сақтық шараларын ұстануы – аса маңызды. Бір адамнан басталып, дүйім жұртқа таралатын індетті қатаң тәртіптің ғана жеңе алатынын өзге елдердің тәжірибесі дәлелдеді. Бас санитарлық дәрігердің карантин жағдайындағы шектеу шараларына қатысты қаулысындағы қапысыз орындалуы – құзырлы мекемелердің ғана емес, облыстың әр тұрғынының тікелей міндеті.

Салтанат ГЛИНЯШ

ТІЛ ТАҒДЫРЫ – ЕЛ ТАҒДЫРЫ

БӘРІМІЗ ЖАУАПТЫМЫЗ

«Қазақ тілі – қазақтың маңдайындағы жалғыз жарық жұлдызы». Әбіш КЕКІЛБАЕВ

Тіл – мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығына балайды. Себебі, тіл – халықтың жаны, тұтастай кескің-келбеті, ұлттық болмысы.

«Ана тілі халық болып жасалғандан бері жан дүниесінің айнасы өсіп-өніп, түрлене беретін мәңгі құламайтын бәйтерек», – дейді Ж. Аймауытов. Иә, бүгінгі таңда көпшілікті алаңдататын мәселе – ана тілдің бүгінгі мен ертеңі. Өйткені ол – ана тіліміз, ұлттық тіл, тәуелсіз Қазақстанның мәртебелі мемлекеттік тілі, бірлік пен ынтымақтың жығылмас туы. Тәуелсіз Қазақстанның болашағы қазақ жастары дейтін болсақ, ендігі қазақ тілінің мәртебесін арттырып, бүгінгі тұғырлы, ертеңгі тағдырлы жасау, сол қазақ жастарының міндеті болмақ. Осы тұста тәуелсіздік алғашы бері елімізде мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мен тілге деген құрметті арттыру мақсатында көптеген мемлекеттік бағдарламалар мен іс-шаралар ұйымдастырылуда. Нәтижелері де аз емес. Алайда барлық салада кеңінен қолданылады десек, онда кемшіліктерге көз жұғанмыз. Егер қоғам азаматтары тілдің мәнін түсініп, рөлін бағаласа, онда мемлекеттік тілді жиындарда пайдалану, құжат толтырудан бастап, қызмет көрсету терминалдарын қазақ тілінде сөйлету кезінде кемшіліктер орын алмас еді.

Тілдің ертеңі туралы ойымызды жинақтасақ, «Егер мемлекеттік тіл кеңінен қолданыс таппай қағажу көрсе, оның болашағы қандай болмақ?», «Өз ана тілінің қадірін сезінбеген жан ұлт тілінің сол ұлттың төлқұжаты екенін қалай түсінеб?», деген сұрақтар бой көтереді. Шындығына келгенде ана тілі – ананың ақ сүтімен бойымызға сіңген асыл тіл. Ана тілімізбен ғана біз халқымызды, Отанымызды танып білеміз. Өр адамның азаматтық қасиеті өз халқын, атамекенін сүйемін, өз ана тілін ардақтай білуімнен өлшенбек. Өз ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді. Қазіргі қоғам басқа тілді үйренуге шек қоймайды. Дегенмен, қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеруде әр қазақтың үлесі болса екен деймін.

Менің ойымша, қоғамдағы



Жанболат ШОРТАНБАЕВ, Жезқазған қалалық сотының төрағасы

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖОЛ КАРТАСЫ

ЖҰМЫС – ЖАСТАРҒА

Сананы тұрмыс билеген мына заманда кай-кайсымызды болсын жұмыс мәселесі алаңдатары хақ. Ал, өмірден өз орнын табуды көздеген жастарға, оның ішінде арман қуып қалаға келген ауылдық қыз-жігіттерге тіпті ауыр. Қолында дипломы бола тұра екі қолға бір күрек таппай жүргендерді былай қойғанда мамандыққа машықтанбаған қанша жас жұмыссыздар қатарын толықтырып жүр. Табалдырықтан табалдырықты тоздырып, күнелтуге тиын таппаған оларды басыбайлы бастананың жоқтығы да қыспаққа алады. Тығырыққа тірелгенде сағы сынып, тауы шағылмағанда қайтеді?!



«Жұмысы жоқтық азырар адам баласын» демекші, содан жастар өзге діннің етегіне еріп, қылмыстық оқиғаларға қатысы бар болып шыға келеді. Сондықтан, бүгінгі таңда жастар үшін басты қажеттілік – жұмыс десек артық айтқандық болмас. Болашағын жастарымын байланыстыратын қазақ елі Тәуелсіздік алған жылдардан бері жұмыссыздықпен күресу күнтіртібіндегі мәселеге айналды. Соның нәтижесінде қоғамның қозғаушы күшін жұмыспен қамтудың бірқатар тетіктері табылып, сәтті жүзеге асырылууда.

өткен 168 жастың 159-ы тұрақты жұмыспен қамтылған. Жастар тәжірибесіне тартылғандарға айма ай 69 мың теңге көлемінде жалақы төленеді. 2020 жылы жұмыспен қамту орталығы 109 жас маманды тәжірибеге жолдауды жоспарлап отыр. Әзірге құжат тапсырған 5 жас екенін жеткізген орталық мамандары жылда жұмыс іздеп, тәжірибеден өтуге ниетті жоспардан асағын жеткізді. Бір ескеретіні, аталмыш бағдарлама жастардың өз мамандығы, яғни дипломы бойынша жұмысқа тұруына септеседі.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев-тың бастамасымен 2005 жылы қолға алынған «Жасыл ел» республикалық жобасы да жас ұрпақтың еңбекке араласып, табыс табуына жағдай жасауда. «Жасыл ел» еңбек жасағанын басты мақсаты – жастардың көмегімен қаламызды көгалдандыру, абаттандыру, сол арқылы студенттер мен жұмыссыз жастарды еңбекке қамтып, жас ұрпақ арасында патриоттық және экологиялық тәрбиені насихаттау. Жаз мезгілінде жүзеге асытылған бағдарламаға 16 мен 29 жас аралығындағы жастар алынады. Көбінесе көпбалалы және әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың балалар үйінің балаларына басымдық беріледі. Ішкі саясат бөлімінің жастар ресурстық орталығы жазғы еңбек маусымына қатысатын

жастарды тіркеп, құжаттарды қабылдауды ұйымдастырады. Міндетті түрде ата-аналарының келісімі алынып, медициналық анықтамалары мен жеке құжаттары түгел жинақталады. 2020 жылдың жаз айларында барлығы 150 жезказғандық жас қаламызды көгалдандыру жұмыстарына қатысады. Олар карантин талаптарын сәйкес беттерде мен қолғаптармен қамтамасыз етіледі. Еңбек жасағандағы 50 жас 5 топқа бөлініп (10 баладан), қаланың әр аумағында арақашықтық сақтап жұмыс істейді. Жұмысқа 1 маусымда кіріскен оларға 42500 теңге көлемінде айлық төленеді.


Жастар «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2020 жылдарға арналған бағдарламасы», «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасының да игілігін көреді. Мемлекеттік бағдарламаның алғашқысы бойынша қайта оқыту курстары ұйымдастырылып, жастардың жеке кәсіпкерлікке бет бұруы үшін 500 мың теңге көлемінде грант беріледі. Биыл Жезказған іске асырылып жатқан «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында 56 жас құрылыс жұмыстарына атсалысып, ең төменгі жалақының екі мөлшерінен кем емес, яғни 85000 теңге көлемінде жалақы тауып отыр.

Сонымен қатар, Жезказғанда жастар ресурстық орталығымен бірлесіп БҰҰ Даму бағдарламасы (ПРООН) бойынша «Жастар тәжірибесі» жобасының жүзеге асырылып жатқанын айтпай кетпеске болмас. Бұл бағдарлама шеңберінде қала жастары үш айлық шәкіртақы төленетін тағалымдамадан өтіп қана қоймай, апта сайын тұңғалық даму мақсатында өткізілетін семинар-тренингтерге қатысады. Осал топтағы жастар арасында жұмыссыздықты азайту мақсатында ұйымдастырылған БҰҰ «Даму бағдарламасы» үш кезең қарқынды жұмыс істеді. Қазан-желтоқсан айлары аралығында өткен алғашқы кезең 20 жасты, қантар-сәуір айларына келген екінші кезең 43 жасты жұмыспен қамтыса, мамырда басталған үшінші кезең 27 жезказғандық жұмыс істеу мүмкіндігін берді. Елімізде пандемияға байланысты жарияланған төтенше жағдай кезінде бағдарлама ұйымдастырушылары тағы 15 жасқа қолдау білдірді. Олардың жалақысы – 60 мың теңге.

Диана ОРАЗАЛИНА

ТЕҢДЕСІ ЖОҚ ОРТАЛЫҚ

Жезказған қаласында салынып жатқан дене шынықтыру-сауықтыру кешені бұқаралық және ұлттық спорт түрлерін дамытуға қажетті спорт ғимараты болып есептеледі. Оның үстіне бір мезетте 320-ға жуық адамды сыйғызып, спорттық сайыстар өткізуге арналған мұндай спорт кешені қаламызда жоқ.



Өзімнің 15 жылға жуық жұмыс тәжірибемде бокстан көптеген облыстық, республикалық және халықаралық жарыстарды жиі өткіздік. Бірақ та ол жарыстарды өткізгенде көптеген қиыншылықтарды бастан кештік. Көрсеткіштерді отырғызатын трибуналардың болмауы және көптеген спорт түрлерінің жарыс ережелерін өткізу шарттарын қазіргі кезде қаламыздағы бар спорттық кешендер толық қамтамасыз ете алмады.

2016 жылы Жезказған қаласында қаламыздың бірнеше спорт жанашырларының бас болуымен Жезказған аймақтық «Спортты дамыту орталығы» қоғамдық бірлестігі ашылған болатын. Қоғамдық бірлестіктің негізгі мақсаты мен жоспары Жезказған аймағында барлық олимпиадалық және ұлттық спорт түрлерін дамыту болып табылады және тоғызқұмалақ, үстел теннисі, волейбол, саяқ ату, қол күресі, бокс, қазақ күресі, грек-рим күресі, дзюдо, каратэ, самбо, еркін күрес және мүмкіндігі шектеулі спортшыларға арналған арнайы топтар: үстел теннисі, шағын футбол, дойбы, шахмат спорт түрлерінен қосымша үйірмелері тегін жұмыс істейді.

Спорттық сауықтыру кешенінде қаламыздың барлық шағын аудандардан келген 1000 аса жасөспірімдер мен жастар спортпен жүйелі түрде шұғылданады. Алдағы уақытта Жезказған аймағында көптеген спорт түрлерінен үлкен деңгейде жарыстар өткізу жоспарланып жатыр. Жезказған аймағында 2019 жылдан бастап көптеген спорттық орталықтар мен жаттығу залдары салынып, ашылууда. Бұл деңгейміз қазіргі уақытта қариядан бастап жасөспірімдердің спортқа деген құлшыныстарын жоғары екенін байқатады. Өйткені «Спорт – денсаулық кепілі». Осыған орай құрылысы басталып жатқан аймағымызда теңдесі жоқ дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысын толық және сапалы салынуын жан-жақты қамтамасыз етіп, бір-бірімізге жәрдемдесіп, спортты бірге дамытайық.

Саят БАЛМАҒАНБЕТОВ,

Жезказған аймағы «Спортты дамыту орталығы» қоғамдық бірлестігінің президенті, Жезказған аймағы бойынша бокстан аға жаттықтырушысы

КАРАНТИН ТАЛАПТАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛЫСЫ

мобильді топтың бақылауында



Карантин тәртібі жеңілдетілгеннен кейін жұмысы тоқтаған біраз жеке кәсіпкерлер өз қызметтеріне кірісті. Бүгінде олардың санитарлық нормалар мен карантин талаптарын орындауын қадағалайтын 4 мобильді топ құрылды. Көрсетілетін қызметтер мен тауарлардың сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы және кәсіпкерлік бөлімі, сондай-ақ, қалалық полиция басқармасы өкілдерінен құралған мобильді топ жұмысымен бізде танысып қайттық.

Бас санитарлық дәрігердің 30 мамырдағы №28 қаулысына сәйкес барлық жеке кәсіпкерлік нысандары ашылып, қалыпты жұмыстарын бастады. Оларға сұлулық салондарын, тамақтану мекемелері, дүкендерді жатқызуға болады. Аталған мекемелер «Propusk.kz» сайтына кіріп тіркелгеннен соң, толыққанды өз қызметтеріне кірісе алады. Одан кейін біздің мобильді топ жұмысы басталады. Қазірге дейін сұлулық салондары толық тексерістен өтіп, жұмыстарын жалғастыруда. Жана нұсқаулыққа сай азық-түлік дүкендері мен тамақтану орындарына түнгі сағат 22:00-ге дейін адам қабылдауға рұқсат етілді. Ал азық-түлік емес дүкендер 20:00-ге дейін жұмыс істей алады. Біз бақылау жұмыстарын күнделікті ұйымдастырамыз. Сақтық шаралары орындалмаған жағдайда кәсіп иелерінің үстінен әкімшілік хаттама толтырып, істерін сотқа жолдайтын боламыз. Әрі қарайғы жазаны сот тағайындайды, – дейді Жезказған қаласы тауарларлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасының бас маманы Несіп Әлиақпарова.

Жеңілдетілген карантин талаптарын сәйкес әрбір мекеменің кіре берісіне міндетті түрде антисептик қойылып, залалсыздандырылған төсеніш төселуі керек. Дүкендердегі саушылар мен тамақтану орындарындағы қызметкерлер күнделікті дене қызуын тексеріп, арнайы дәптерге тіркеп отыруға міндетті. Сондай-ақ, қызмет көрсетуші мамандар әр үш сағат сайын масканын ауыстырып отыруы және қолғап киіп жүруі қажет. Мекеме күніне екі рет дезинфекциялық тазалық жасайды. Дүкен кассасында адамдар арасында 2 м арақашықтық сақталуы тиіс. Ал тамақтану орындарында бір үстел басына үш адамнан артық жайғасағаны абзал.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

СУБҰРҚАҚТАР СҰЛУ КЕЙІШКЕ ЕНЕДІ



Алғашқы құрылысшылар алаңы, Ғарышкерлер бульварындағы және «Наурыз» саябағындағы субұрқақты жөндеу және күтіп ұстау

Биыл қала бойынша «Жұмыспен қамту жол картасы» аясында бірқатар нысандар жаңартып, жөндеу жұмыстары жүріп жатқаны белгілі. Олардың ішінде қаладағы үш субұрқақ та бар.



жұмысын «Медет» ЖК атқаруда. Жалпы сомасы 37 млн теңгеден асатын шарт бойынша мердігер сорғыш құрылғылар орнатып, жарықпен безендіруі керек. Сондай-ақ, кей сыртқы плиталарын ауыстыру көзделген.

– Жұмыс бекітілген кестеге сай жүріп жатыр. Ешқандай іркіліс жоқ. 1 маусымда субұрқақтарды іске қостық. Ауыстыратын құрылғылары мен басқа да жұмыстар кестеге сай атқарылатын болады, – дейді Жезказған қаласы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, автокөлік жолдары және жолаушылар тасымалы бөлімінің басшысы Қуанышбек Сансызбаев.

Бұл жобаны жүзеге асыруға барлығы 15 адам тартылса, оның 7-еуі жұмыспен қамту орталығы жолдамасымен жұмысқа орналасқандар.

ТАЛАП ТА ТЫС ҚАЛМАДЫ

«Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасынан қала іргесіндегі Талап ауылы да тыс қалмады.



Мұнда бағдарлама аясында ауыл паркіне қоршау орнатылып, Бектепбергенов көшесінде ауыз су құбыры ауыстырылады.

Қазір Бектепбергенов көшесінде диаметрі 110 мм болатын 700 метр су құбыры ауыстырылып, 2 өртке қарсы гидрант орнатылды, сонымен бірге люк, бұрандалар жаңартылды.

– Бұл нысанда 2 адам тұрақты жұмыс атқарды. Оның біреуі жұмыспен қамту орталығынан жіберілген жұмыссыз болатын. Қазір шарт бойынша барлық жұмысты орындадық. Сонымен бірге, ауыл әкімдігі, тұрғындардың өтінішімен 3 үйдің ішіне тартылған су құбырларын да жанаалап бердік, – дейді мердігер Мелет Әлкенов.



КЕҢГІРДЕ КӘРІЗ ЖҮЙЕСІ ЖАҢАРТЫЛДЫ

«Жұмыспен қамту жол картасы» аясында Кеңгір ауылдық округі бойынша 5 жоба жүзеге аспак.



Оның біреуі Кеңгірге қарайтын Теректі стансасында 54 жарық бағанан орнату, болса қалған су құбырын, канализация желісін, су құбырын ағымдағы жөндеу, жарық бағандарын орнату, диодты жарық шамдарын ауыстыру сынды 4 жоба Кеңгірдің өз басында жүзеге асуда.

– Бүгінде біздің ауылдық округ бойынша 5 жобаның 3-еуі аяқталды. Атап айтсақ болсам, ауылдың басында 58 диодты жарық шамы, 18 жаңа жарық баған орнатылды. Сейфуллин көшесінде диаметрі 219 мм болатын 96 метр кәріз құбыры ауыстырылды. Теректіде 54 баған орнатылып, қазір тоқ көзіне қосуға құжаттары рәсімделуде, – дейді Кеңгір ауылдық округінің әкімі Қанағат Жанпейісов.

Өз тілшіміз



КАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ

Махмұт СМАЙЛОВ:

«БАҒЫТЫМЫЗ – БАТЫС АЙМАҚ»



– Махмұт Шабазұлы, қаланың бас сәулетшісі қызметіне жақында тағайындалды. Алайда, бұған дейін де сіз Жезқазғанның архитектуралық келбетін қалыптастыруға қатыстыңыз. Қала құрылысына қатысты жәйттер сізге таңсық емес.

– Ана тұрған картаға (кабинетінде өзіне қарамақарсы ілулі тұрған майда жазулы макеттердің сызбасын нұсқап) көптің көзі түссе де, оны екінің бірі түсіне бермейді. Онысы орынды да. Өйткені, олар схемалардың маманы емес. Бірақ, «Бұл сызбаны әр тұрғын түсініп, болашаққа көз тастай алса ғой» деп армандайтын да кездерім болады. Сонда жезқазғандықтар «Жезқазған болашақтың қаласы» екенін ұғынып, кеудесін мақтанш кернейтін еді.

Біздің Жезқазғанның келешегі ғажап. Ертенгі күні жезқала көз тартар көркемдікке ие болып, тұрғын үй кешендері мен әлеуметтік нысандар көптеп бой көтереді. Қазірдің өзінде қаланың бас жоспарына сәйкес құрылыс жұмыстары басталып, қаланың екінші тынысы ашылды. Сондықтан, кертартпалыққа салынып, қолда барымызды, жарқын болашағымызды жоққа шығару әбестік.

– Болашақтың бағдаршамына айналған Бас жоспар жайында кеңірек айта отырсаңыз.

– Жезқазғанның алғашқы Бас жоспары 1973 дайындалып, 1993 жылы оған түзетулер енгізілді. Ал, 2000 жылы ол өз күшін жойды. 2008 жылы мысты қаланың жаңа Бас жоспарын дайындау қолға алынып, бұл мақсатқа қалалық бюджеттен 54 млн теңге бөлінді. Осылайша, жоспарды тек 2015 жылы қайта жасап, бекіту мүмкін болды. Жезқазғанның келбетін келіретін 2035 жылға дейінгі басты құжатын «Казгипроград жобалау институты» ЖШС мамандары жасап шықты. Бекітілген Бас жоспарға сәйкес қаланы одан әрі көркейтпін, дамытудың екі кезеңі бар. Бірінші кезеңі 2020 жылға, екінші кезеңі 2035 жылға дейінгі аралықты қамтиды.

Бірінші кезеңге жоспарланған жоба-лар жүзеге асқанда, яғни 2020 жылы жезқазғандықтардың саны 90 мыңға, ал 2035 жылы 98,6 мың адамға жетпек. Бұлардың бәрі аядай Жезқазғанның қай жеріне қоныстанады дейсіз бе?! Бас жоспардың сәулеттік-жоспар-лау құрылымына сәйкес олар қаланың бос жатқан жері, яғни солтүстік – батыс аумағына орналасады. Қазір бұл жерде қалалық кеңсалалы орталық аурухана мен «Қазақмысқа» қарасты медициналық орталық орналасқан. Болашақта осы аймақтан Кенгір су қоймасы жағалауына дейінгі бос жерлерге жаңадан көп қабатты ғимараттар салынады. Қазіргі таңда бос орындарда жер үйлер мен көп қабатты тұрғын үйлер орналаса бастағанын көре аламыздар. Жезқазған қаласының батыс тұрғын ауданына көп қабатты тұрғын үйлерді орналастырудың егжей-тегжей жоспарлау жобасына сәйкес шағын ауданның аумағы 300 гектарды құрайды. Оның 74 гектары тұрғын үй құрылысына жұмсалмақ. Жоспар бойынша бұл ауданның тұрғындары 8 мыңға жетпек. Олардың игілігіне әрқайсысы 240 орындық үш балабақша мен әрбірі 1420 оқушыға арналған екі мектеп тұрғызылмақ. Сонымен қатар, медициналық орталықтың солтүстігінде өрте қарсы қызмет пен халыққа қызмет көрсету орталығы ғимаратын салу үшін жер бөлінген. Қала мен 92-95 аудандарды жалғайтын көпірдің шығысында балалар мен жасөспірімдерге арналған есуден спорт мектебі салынады.

Бүгінде арамызда «Облыс статусын алмаспақ бәрі бекер» деп жүз мыңға жуықтаған халқы бар мысты қаланың болашағына күмән келтіретіндер аз емес. Алыс бес жылдық тарихы бар Жезқазғандағы тұрмыс бүгін-ертен туралап қалмасы анық. Неге десеніздер, бізде ел экономикасының әлеуетін арттырып отырған өндіріс бар. Сондай-ақ, күн сайын қарқын алған құрылыс қаланың шырайына шырай қосып қана қоймай, оның келешегі кемел екенін тағы бір дәлелдесе керек. Дегенмен, әлі де қаланың кескін-келбетін ретке келтіру бойынша біраз шаруалар атқарулы тиіс. Осы ретте, біз Жезқазған қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Махмұт СМАЙЛОВТЫ әңгімеге тартып, көшелер мен аулалардың көркін көргізде қандай жоба-жоспарлары барын біліп қайттық.

Бүгінгі таңда Алаша хан даңғылы бойында орналасқан ғимараттар 44-ші номермен аяқталса, болашақта оның ұшы-қиыры Абылай хан ескерткіші бойымен жоғарыға қарай созылмақ.

Қазіргі қарттар үйінің онтүстігінде физикалық ауытқулары бар мүмкіндігі шектеулі егде адамдарға арналған интернат салу көзделіп отыр. Сондай-ақ, орталық аурухана мен қарттар үйінің жанындағы бос жерлер жасыл желекке оранып, саябаққа айналмақ. Алашахан даңғылының шығысында мәдени, ойын-сауық кешендері, сауда-саттық нысандары орналасады. Иманжанов көшесінде орналасқан «Тұран» мейрамханасының бойында 104 адамдық қонақ үй бой көтереді. Сондай-ақ, қаланың батысынан өскен үлкен

жобаларды іске асырып үзгеріңіздер?

– Аяқ алысымыз жаман емес. Быылдың өзінде Бас жоспар аясында бірқатар ауқымды жобаларды өміршең етпекпіз. Мысалы, ұлы Абайдың 175 жылдығына орай Сарыарқа мен Абай көшесі қиылысында тұрғындардың демалыс орнына айналатын алаң құрылысы басталды. Сонымен бірге, Есенберлин көшесінде бассейні бар дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің іргетасы қалануда. Пайдалануға беріліп жатқан тұрғын үйлердің де үлесі жыл өткен сайын артқанын айтпай кетпекпе болмас.


Облыстық құрылыс басқармасының жоспарына сәйкес біз 2020 жылы 20 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беруіміз қажет. Бүгінгі таңда облыс белгілеген меженің бес айдағы орындалысы 165 пайыз. Нақтырақ айтсам, жыл басынан 9 834 шаршы метр тұрғын үй қабылданды. Оның 8 770 шаршы метрі коммерциялық тұрғын үйдің (Алашахан 22 Е мекенжайындағы 50 пәтерлі және 30 пәтерлі Дев көшесіндегі 7А тұрғын үй), ал қалғаны жер үйлердің енішінде. Жылдың соңына дейін мемлекет есебінен жалпы аумағы 10 911 шаршы метрді құрайтын тағы екі жалдамалы, екі несиелік тұрғын үй пайдалануға беру арқылы қала тұрғындарын баспаналы ету көзделіп отыр. Дарынды балаларға арналған мектеп құрылысы да мәресіне жетіп, «Жастар» саябағы жаңғырды. Жасалып жатқан жұмыстардың бәрін тізіп, бір мақалаға сыйдыру мүмкін емес. Жезқазғандықтар мен қала қонақтары алға адымдап басып, жанданған шаһардың кейіпін оңсыз да байқап жүрген болар.

– Жезқазғанның батысын дамытып, шағын аудан саламыз деп жүргенде қаланың өзге аймақтары ұмыт қалмады ма?

– Өрине жоқ. Қала көшелері, көпшілік орындар мен әлеуметтік маңызы ие нысандарды да дамыта түсу назардан еш түспек емес. Быыл «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде Сәтбаев, Қаражар (бұрынғы Балқаш), Холмецкий көшелері мен Мир даңғылында орналасқан есуден астам үйдің сәулеттік келбетіне, әрлеу мен сырлауына баса мән бермекпіз. Аталған мемлекеттік бағдарламаның қолдауымен әлеуметтік-мәдени нысандар мен субұрпақтар жаңарып, жолдар жөнделіп, қала көшелері мен тұрғын үй аулалары жарықтандырылмақ. Одан бөлек қала көркіне көрік беріп, жезқазғандықтардың тұрмыс-тіршілігін жақсартуға бағытталған жоспарлы түрде жүргізілетін ағымдағы жұмыстар бар.

Қазіргі таңда жеке кәсіпкерлермен тығыз қарым-қатынас орнатып, күш жұмылдыра қасбеті тозған ескі үлгідегі ғимараттарды заманауиландыруды бастап кеттік. Осы ретте, жаңарған «Шаруа» сауда орталығының, «Бөбек жез» дүкенінің, «Астана», «Бомонд» сауда орталығының иелеріне алғыс білдіре кеткім келеді. Сондай-ақ, қала орталығындағы «Тұрсынай ана» сауда дүкенін қайта құрылымдаудың эскиздік жобасы келісіліп, «Мерей», «Автомир» базарын қайта жаңғыртуға меншік иесі эскиздік жоба әзірлеуде.

Өздеріңізге белгілі Жезқазғанда 50-жылдарда



ауданда үш дәріхана, көп салалы спорт алаңдары мен шағын футбол алаңы, спорт зал, бассейн, жасанды мұз айдыны бар спорттық ойын-сауық залы, 200 орындық ойын-сауық кешені мен кино, би залдары болмақ.

Бас жоспарға сәйкес қала аумағын көркейтуді, абаттандыру шаралары да қызу қолға алынатын болады. Кенгір су қоймасының жағалауының бойына жаппай ағаш егу көзделген. Қаланың қалыптасуы тиісілігін қамтамасыз етуге бағытталған бұрыннан көтеріліп жүрген ауысу, жылу мәселелерінің түйінін тарқату да бас жоспарда орайын тауып отыр. Қожамсейіт және Есқұла жерасты ірі жобалар да жүзеге аспақ. Қазіргі көшелер де одан әрі дами түспек.

Бас жоспар – бүгін не ертен бекі салатын іс емес. Дегенмен, қаржылық жағдай көтеріп жатса, жоғарыда айтылған нысандар мен ауқымды жобалар одан да аз уақытта дүниеге келуі өлден мүмкін.

– Бас жоспардың бірінші кезеңін еңсеруге шақ қалыпсыздар. Осы бес жылдың ішінде қандай

салынған ескі тұрғын үйлер бар. Қала көркін қашығырған екі қабатты үйлердің мәселесін түбегейлі шешу жолдары қарастырылып жатыр. Соңғы жылдары «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту» бағдарламасы аясында үш-төрт үйдің жағдайы оңалып қалды. Енді жергілікті билік тозығы әбден жеткен ағаш үйлердің иелерімен ортақ келісімге келуді жоспарлап отыр. Тұрғындарды көшіру немесе өтемақы беру арқылы ескі үйлерді сырып тастап, орнына жаңа үлгідегі көп қабатты тұрғын үй тұрғызуды ойластырамыз. Бұл мәселе бойынша нақты шаралар алдағы күндері белгілі болмақ.

Жезқазғанның аумақтық шекарасына кіретін ауылдар да назардан тыс қалмауда. 2018-2019 жылдары қалаға қарасты үш селонь бас жоспары жасалып, келешектегі дамуы және тұрғын үй, әлеуметтік-тұрмыстық нысандар құрылысына жер телімдерімен қамтамасыз етудің егжей-тегжейлі жоспарлау жобасымен қоса селолардың тірек жоспары даярланды. Кенгірдің бас жоспарына сәйкес ауылда 100 жер теліміне жеке тұрғын үй салу үшін

инфрақұрылымын дамытудың жобалық-сметалық құжаттары дайындалды. Қазіргі таңда Теректі мен Қорғанбай елді-мекенінің бас жоспары әзірленіп, сызбалары түсіріліп жатыр.

– Енді жезқазғандықтарды алаңдатқан мәселеге келсек. Қазір тұрғын үйдің бірінші қабатынан дүкен, шаштараз ашу және ауласына қосымша құрылыс салу белең алды. Сонымен қатар, заңмен рұқсат етілмесе әсерлері де құрылыс мақсатында пайдаланып жатыр. Бұған тоқтау салына ма?

– Рас, ертеректе кәсіпкерлікті дамыту мақсатында тұрғын үйлердің төменгі қабаттарынан жаппай қызмет көрсететін нысандары ашылған еді. Ал, бүгінгі таңда «Тұрғын ғимараттар» Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары және ережелеріне сәйкес ірі панельді үйлердің тіреуіш конструкцияларының төсіп, қайта жоспарлауға және қайта жабдықтауға тиым салынған. Енді, өзге құрылыстарға келетін болсақ, қазір Жезқазғанның ішінде құрылыс жүргізуге мүлде орын жоқ. Құрылысқа жер бөліп, рұқсат беру кезінде Бас жоспар негізге алынады. Ал, бұл құжат дайындалғанға дейін сатылып кеткен жерлердің өңгімесі бөлек. Ұзақ мерзімге жалға берілген жерлерді мемлекетке қайтару бойынша жұмыс атқарылып жатыр. Мысалы, мамыр айының соңында гуманитарлық колледждің маңынан жалға берілген жеке кәсіпкердің құрылысы заңсыз деп танылып, дүкеннің құрылысы тоқтатылды. Алдағы күндері де бұл бағыттағы жұмыстар өз жалғасын табады.

– Уақыт тауып, сұрақтарымызға нақты жауап бергеніңізге рақмет!

Диана ОРАЗАЛИНА

МЕРЕЙ



Алыс бес жылдық тарихы бар Жезқазғанның дамуы мен қалыптасуына сүбелі үлес қосқандардың бірі – Станислав Валентинович ФИЛИПОВИЧ. Қалалық мәслихаттың депутаты, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы биыл 75 жасқа толмақ. Мерейтой қарсаңында өткенге бір сәт көз жүгіртпін, қала жанашырының өнегеге толы еңбек жолының сыр шертпеске болмас.

Ұлы Отан соғысы аяқталған жылдың маусымында Көкшетау облысының Чкалов ауданына қарасты Новогречановка селосында дүниеге келген Станиславтың ата-анасы сталиндік жүйе кезінде 1936 жылы Украинадан Қазақстанға жер аударылған. 1956 жылы ата-анасына тағылған айыптар алынып, ақталады. Сол жылы әкесі отбасын алып Алматы облысы Еңбекші қазақ ауданының Амангелді ауылына көшеді. Әкесі мен сауыншы шешесі бел жазбастан еңбек етіп, бес баланы жеткізді. Тұңғыштары Станислав 1962 жылы мектеп бітіре сала, Петропавлдағы педагогика институтына түседі. III курста оқып жүрген жерінен Отан алдындағы борышының өтеу үшін әскер қатарына шақырылады. Ленинград округіндегі Новгород әскери қалашығында әскери-әуе авиация бөлімінде азаматтық міндетін орындап, арнайы жасақ старшинасы атағына ие болады. Әскерден туған жерге оралған соң оқуы одан әрі жалғастырып, физика пәні мұғалімі мамандығын игереді. Ал, еңбек жолын 22 жасында elektrik болып бастайды. Кейін өндірістік оқыту шебері, Алматы қаласындағы №39 мектептің мұғалімі қызметтерін атқарады. 1970 жылы Жезқазған қаласындағы тау-кен техникумына оқытушы болып қызметке орналасады. 1973 жылы Жезқазған облысы құрылған тұста облыстық партия комитетінің ұйымдастыру бөліміне қызметке келеді. 1975 жылы өмірлік жары Валентина Григорьевнамен шаңырақ көтереді. 1977 жылы Станислав Валентинович Алматы қаласына жоғары партия мектебіне, ал жары физика пәні бойынша аспирантураға оқуға жіберіледі. Жоғары партия мектебіндегі оқу аяқталған соң Ақадыр аудандық халық депутаттары атқарушы комитеті төрағасының орынбасары қызметіне тағайындалады. Жары Валентина аспирантураны аяқтамай, жұбайының соңынан Ақадырға келеді. 1979 жылы Станислав Валентинович Жезқазған облыстық партия

АЗАМАТ ЖОЛЫ

комитетіне қызметке қайта оралады. 1992 жылға дейін облыстық халық депутаттары кеңесі аппаратының меңгерушісі қызметін абыроймен атқарады. 1992-1997 жылдар аралығында облыс әкімі аппаратының жетекшісі, 1997-2009 жылға дейін Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары қызметін атқарды. «Еңбек түбі – зейнет» демекші, мемлекеттік қызметтен зейнет демалысына шыққан ол қол қусырып қарап отыра алмады. Сол жылы Жезқазған аймағы бойынша «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС әлеуметтік-еңбек қарым-қатынастары бөлімінің жетекші маманы болып жұмысқа кірді. «Диар» телерайонында да жастарға жөн сілтеп, кеңесшілік қызмет атқарды. Жауапкершілігі мол лауазымдармен қатар депутаттықты бірге алып жүрген ол халықтың мұң-мұқтажын тыңдап, тұрғындар талабының шешімін табуына ықпал етуге бар қажыр-қайратын жұмсауда.

Өткен өмір жолы туралы әңгімеленгенде Станислав Валентинович алдыңғы толқын ағалары Айып Рақымыжановтан, Қасымбек Медиевтен, Сағадат Дүйсековтен, Иван Колбасиннен өнеге алғанын мақтаншыпен айтады. 40 жыл мемлекеттік қызмет өтілі бар өзі де талай жас маманға тәлімгер болды. Ізбасар шәкірттерінің арасында Советбек Медебаев, Ерлан Аймурзинов сынды еліне елеулі азаматтар бар екендігін мағұрлана жеткізді.

Станислав Валентинович – өнегелі шаңырақтың иесі. Аяулы жары, бүгінде арамызда жоқ ұлағатты ұстаз Валентина Григорьевна екеуі қос қыз тәрбиелеп өсірді. Тұңғышы Наталья – Москва қаласындағы Британ университетінде оқытушы. Ал, кенжесі Юлия – программист. Біздің кейіпкер бала кезінен қазақ халқының тіршілігімен тыныстап, етене араласқан соң болар ұлтымыздың әдет-ғұрпын дәріптеп, салт-дәстүрін қадір тұтады. Оның сүйікті мерекесі – өз Наурыз болса, ішетіні – қымзы, асайтыны – қазы мен карта. Кітап оқып, жаңалықтар мен спорт арналарын тамашалайтын ол жетпіс бесінде жігерлі жігітше шапшаң қимылдауының сыры – спортта екенін алға тартады.

«Адам елім, жерім деп өмір сүрсе, жүрегі қамқорлыққа толы болса өмір жасы ұзақ болды» деп сенетін Станислав Валентиновичтің елге арнаған еңбегін жерлестері ұмытпайтыны анық. Оның игі істері жезқазғандықтардың жадында.

Бота ШАЛҚАР

АБАЙДЫҢ «АҚТОЛҚЫН» КҮЙІ

Ұлы Абайдың осы уақытқа дейін бізге жеткен «Май түні», «Майда қоңыр», «Торы жорға», «Абайдың желдірмесі» қатарлы төрт күйі бар. «Май түні», «Торы жорға» күйлерін жазушы, журналист Шығыс қазақстандық Ғайса Сармурзиннің (1904-1987) орындауында, күйші-зерттеуші, ғалым Уәли Бекенов 1983 жылы жазып алып, нотаға түсірген (М. Әбуғазы Шығыстың шыңырау күйлері. – Өскемен: 2009. – 303 б.). Ал Абайдың «Майда қоңыр» күйі Шығыс Қазақстанның Шұбартау өңірінен шыққан атақты күйші Жүнісбай Стамбаевтың орындауында 1965 жылы жазылып алынып бізге жетті (Таласбек Әсемқұлов. Талтүс. СД күйлер жинағы. СД 3. 2015. Otuken.kz.). Біз де бала күнімізден ел арасындағы күйшілерден Абайдың атымен аталатын күйлерді естіп өстік.



